"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/832
23.02.2018ж

«Төребек-Д» ЖШС-нің
директоры
Б. Нарбековаға

Сіздің 09.02.2018 жылғы №2471 *(кіріс ЗТ-Н-117 12.02.2018ж)* өтінішіңізге, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай–Департамент)* «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес төмендегіні хабарлайды:

Камералдық бақылаумен Отырар ауданы әкімдігінің "Отырар аудынының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен *(әрі қарай – Мекеме)* 2017 жылдың 29 желтоқсанда веб-порталға жарияланған №2160611-1 «Отырар ауданы әкімдігінің» Отырар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі ғимартын күрделі жөндеу» хабарландырулары бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасы шешімдерінің ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына *(әрі қарай-Заң)*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Электрондық мемлекеттік сатып алуды жүргізу» қағидаларының талаптарына (*әрі қарай - Қағида)* сәйкес келуіне жүргізілді.

Камералдық бақылау барысында конкурстық комиссия Қағиданың 150 тарамғының талаптарына қайшы, Сіздің конкурстық өтініміңізді алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілмеген негіздермен қорытандылар туралы хаттамасында шеттету шешімдерін қабылдаған.

Сонымен қатар веб-порталдағы конкурстық құжаттамаға осы конкурста сатып алуға қажетті жұмысты атқару үшін қолданылатын құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарының жобалаушымен келісілген тізбесі тіркелген. Осы тізбеде әлеуетті өнім берушілірдің жеке меншігінде 3 техникасының болуы керек деген талап қойылған.

Аталған конкурстың қатысушысы болып танылған «Б.и.Н.» ЖШС-нен 20.02.2018 жылғы №4 хаты келіп түсті.

Осы хаттың негізінде «Отырар аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» *(әрі қарай – Бөлім)* мемлекеттік мекемесі тарапынан берген

22.02.2018 жылғы №235 мәліметіне сәйкес, Сіздің жеке меншігіңіздегі «Экскаватор гусеничный ЭО-4111 АУДХ787» техникаңыз Бөлімде тіркелмегендігі анықталды.

Бұған қоса, «Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» *(әрі қарай – Басқарма)* мемлекеттік мекемесінің 23.02.2018 жылғы №33-10-605 мәліметіне сәйкес, жоғарыда аталған техника Басқармада да тіркелмегендігі анықталды.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, жауаппен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа органдарына шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

Департамент басшысының м.а. **Қ.Сапарбеков**

Орын.Умирбеков У.
Тел: 35-06-06